

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНДА КЕЗЕКТЕН ТЫС
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№3 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

13.11.2023ж.

Қатысқандар:

- 1) Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры;
- 2) Құрманбай Г.Т.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) Джанабергенова Д.Г.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 5) Қуандық Н.Т. - кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 6) Утебаев Т.Б.- кеңес мүшесі, АӘД пәнінің мұғалімі;
- 7) Жакашева Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- 8) Жекенова Г.С. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- 9) Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы;
- 10) Жұманова Г.П.- қосымша білім беру педагогы;
- 11) Сеймурат Ж.Л. - хатшы, әлеуметтік педагог, оқушылардың ата-аналары, сынып жетекшілері мен оқушылар.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Оқушыларды мектепішілік профилактикалық есепке алу» туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша **директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** сөз алып, тоқталып өтті.

- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бекіту туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығы негізінде мектепішілік тәрбиесі қиын, қиынға бейім 2 оқушыны түрлі себептермен мектепішілік есепке алуға ұсыныс білдіремін. Атап айтсақ:

- 8 «И» сынып оқушысы Наренова Нұрхаят Пернебайқызы;
- 6 «З» сынып оқушысы Байбутаев Нұрдәулет;

Джанабергенова Д.Г.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

✚ 25.06.2012 жылы туылған Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас №53 үйдің тұрғыны. 6 «З» сынып оқушысы Байбутаев Нұрдәулеттің отбасы аз қамтылған. Ата-анасымен бірге тұрады. Анасы 10.11.1992 ж. туылған Байбутаева Шолпан Пердебаевна Шымкент қаласында базарда сатушы болып жұмыс жасайды. Әкесі вахтада жұмыс жасайды. Сыныптағы оқушымен түсініспеушілік орын алуына байланысты ата-ана тарапынан Нұрдәулетке шағым түсті. Шағым көп түсуіне байланысты 6 «Қ» сыныбынан 6 «З» сыныбына ауыстырылды. Бұл оқушы кішігірім ұрлық жасаған, ауысып жаңадан келген сыныбының оқушыларымен қарым-қатынасы төмен дәрежеде. Сабакқа оқушы әрдайым кешігіп келеді, соңғы сабақтардан сынып жетекшісінің рұқсатынсыз қайтып кетеді. Анасымен тығыз байланыстамыз, жұмыстар жүргізілуде.

Құрманбай Г.Т.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

✚ 16.06.2010 жылы туылған Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас ықшам ауданы Төрткөлтөбе №39 үйдің тұрғыны 8 «И» сынып оқушысы Наренова Нұрхаят Пернебайқызы аз қамтылған отбасынан. Әкесі қайтыс болған. Анасы Егембердиева Қаламқас -С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде кіші қызметкер болып жұмыс жасайды. Отбасында 4 бала. Жалдамалы пәтерде тұрады. Наренова Нұрхаят жазғы мезгілде, каникул

күндерінде үйінен кетіп қалып, түнгі мезгілде ата-анасыз жүргені үшін ішкі істер қызметкерлеріне ұсталып, есепке қойған. Аты аталған оқушылардың түрлі себепті тәртіпсіздіктері үшін мектепішілік профилактикалық есепке алуға ұсыныс білдіреміз.

ЖАРЫС СӨЗГЕ:

Жекенова Г.С. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қазына. Қазіргі уақытта ересектерден бұрын оны мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін алаңдайтын болдық. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік! Мына оқушылардың түрлі жасаған іс-әрекеттеріне қарап, мектепішілік есепке ала отырып, тәрбиелеу қажеттігін айтқым келеді.

Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры;

- Аталған оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесі өрескел бұзып отыр, оқушының үстінен ата-ана тарапынан шағым түсіп жатыр. Мектеп жарғысын, мектептегі қоғамдық тәртіпті бұзып, тыйым салынған заттарды пайдаланып, 10 күннен аса сабақтан қалып, ережені бұзған оқушыларға тәртіптік жаза қолдану қажет. Осы оқушыларға тәлімгерлер бекітіп, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, үйірмелерге тарту қажет. Сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар. Оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізуді сіздерге қатаң тапсырамын.

Серікбаев Ж.Ж. - кеңес мүшесі, мектеп инспекторы :

-Тәртіп бұзушылыққа жол берген оқушылармен жұмыс жүргізіп келемін. . Ата-аналарымен байланыстамын. Бұл жерде ата-ана жауапкершілігін арттыру қажет. Бала тәрбиесіне жете мән беру қажет. Оқушының келіп кетуін қадағалап, сабақтарының орындалуын да қадағалауы қажет. Тәртіп бұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені үшін оқушыларды мектепішілік есепке алуды құптаймын.

Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог:

- Наренова Нұрхаят мектебімізге 2020-2021 оқу жылында алтыншы сыныпқа қабылданды. Оқуға деген ынтасы орташа. Математика,орыс тілі сабақтарына қызығушылығы төмен,Ағылшын,қазақ әдебиеті,сабақтарын ұнатады,өз ойын,пікірін білдіріп сабаққа белсене қатысады.Бірақ үй тапсырмаларын көбіне орындамайды.Сонымен қатар сыныптағы қоғамдық жұмыстарға қатысып,тапсырылған істі тиянақты орындауға тырысады. Алайда үйіндегі бауырларымен тіл табыса алмай, көбіне ренжісіп қалады. Үйіне өтірік алдап, түрлі сылтаулар айтып, шығып кетеді. Анасы мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста.

ҚАУЛЫ:

1. 2023-2024 оқу жылында тәртіпбұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені, мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін 6 «З» сынып оқушысы Байбутаев Нұрдәулет және 8 «И» сынып оқушысы Наренова Нұрхаят Пернебайқызы мектепішілік профилактикалық есепке алынсын.
2. Есепке алынған оқушымен мұғалімдерден тәлімгерлер бекітіліп, үйірмелерге қатыстырылсын.
3. Мектепішілік профилактикалық есепке алынған оқушылармен жекелеген жұмыс жүргізу жауапты мамандарға(психолог, социолог, мектеп инспекторы), бекітілген тәлімгерлерге және сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Есепке алынған оқушыларға мұғалімдерден тәлімгерлер бекітіліп, үйірмелерге қатыстырылсын.

Кеңес төрағасы:

Б.Н.Усманов

ДТІЖО:

Г.Т.Құрманбай

Хатшы:

Д.Г.Джанабергенова

Ж.Л.Сеймурат